

Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары, жеңілдіктері мен міндеттері

1. Кәсіподақ мүшелері құқылы:

- кәсіподақ пен оның органдары тарапынан мемлекеттік органдарда, жұмыс берушілер алдында өздерінің еңбек, кәсіптік, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауға;
- кәсіподақ органдарын сайлауға немесе сайлануға;
- кәсіподақтың қолдауы мен қорғауын пайдалануға, сұрақтар, өтініштер, ұсыныстар бойынша кәсіподақ ұйымына хабарласуға;
- мемлекеттік және сот органдарында кәсіподақтан заңгерлік кеңес, заң көмегі мен қорғауды алуға;
- ұжымдық шартқа (келісімге) сәйкес еңбек ұжымының мүшелеріне берілетін басқа құқықтар мен жеңілдіктерді пайдалануға.

2. Кәсіподақ ұжымдық келісімдерден туындайтын мемлекеттік және басқа ұйымдардың, мүліктік жауапкершілік міндеттемелерін алмайды, сондай-ақ мемлекет, оның органдары мен ұйымдары кәсіподақтың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Кәсіподақтағы белсенді жұмысы үшін кәсіподақ мүшесі құрмет грамоталарымен, басқа да моральдық және материалдық ынталандыру түрлерімен марапатталады.

4. Кәсіподақ мүшесі міндетті:

- Ережені сақтауға, кәсіподақ ұйымы мен жоғары кәсіподақ органдарының нұсқаулары мен шешімдерін орындауға;
- белгіленген тәртіппен жүйелі түрде кәсіподақ мүшелік жарналарын төлеуге;
- кәсіподақтың бірлігі мен тұтастығына қамқорлық жасауға;
- кәсіподақ шешімімен жүзеге асырылатын іс-шараларға және басқа да ұжымдық іс-шараларға қатысуға.